



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2021 Тамыз

2021 жылғы тамызда инфляция 0,5% құрады (шілдеде – 0,7%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір айда 0,1%-ға (шілдеде – 0,7%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,6%-ға (шілдеде – 0,5%), ақылы қызметтер бағасы 0,8%-ға өсті (шілдеде – 0,8%). Жылдық инфляция 8,7% құрады (шілдеде – 8,4%).


Өңірлер бойынша айлық инфляцияның өсімінің бәсеңдеуі 13 өңірде, жеделдеуі 2 өңірде байқалып, 2 өңірде бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды. Бағаның өсу қарқынының жеделдеуі Түркістан облысы мен Алматы қаласында орын алды, бұл өңірлерде тамыз айындағы баға өсімі сәйкесінше 1,0% және 0,8% құрады. Маңғыстау облысы мен Атырау облысында бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды (сәйкесінше 0,6% және 0,5%). Айлық инфляцияның ең айқын баяулауы Қарағанды облысында байқалды (1,1%-дан 0,2%-ға дейін). Жылдық инфляция 6 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау және Түркістан облыстарында байқалды (тиісінше, 9,7% және 9,5%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2020 тамыз – 2021 тамыз), %-бен

Қазақстан		7,8	8,7	9,9
Ақмола облысы				
Ақтөбе облысы				
Алматы облысы				
Атырау облысы				
Батыс Қазақстан облысы				
Жамбыл облысы				
Қарағанды облысы				
Қостанай облысы				
Қызылорда облысы				
Маңғыстау облысы				
Павлодар облысы				
Солтүстік Қазақстан облысы				
Түркістан облысы				
Шығыс Қазақстан облысы				
Нұр-Сұлтан қ.				
Алматы қ.				
Шымкент қ.				


Алматы қаласы мен Алматы облысы Қазақстан бойынша ТБИ өсуіне едәуір үлес қосуды жалғастыруда (тиісінше 1,4 п.т. және 1,0 п.т.), олардың ТБИ-де салмағы ең жоғары. Осы өңірлерде бағаның өсуі тиісінше 8,2% және 8,7% болды.

2-сурет. ТБИ-дегі өңірлердің салмағы, %-бен үлесі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

3-сурет. ТБИ-ге өңірлердің үлесі, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары бір жылда 11,4%-ға (шілдеде – 11,0%-ға) қымбаттады. Ең төменгі өсу Алматы қаласында (10,3%), ең жоғары өсу – Маңғыстау облысында (13,2%) байқалды.

Ел бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 7,3%-ға (шілдеде - 7,2%-ға) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының ең жоғары өсуі Атырау облысында (8,0%), ең төмен өсуі – Павлодар облысында тіркелді (6,4%).

Елімізде ақылы қызметтер 6,6%-ға (шілдеде - 6,1%-ға) қымбаттады, Павлодар облысында бағаның өсуі 8,5% құрады, Батыс Қазақстан облысында ақылы қызметтер бағасы әлдеқайда төмен қарқынмен өсті (5,6%).

4-сурет. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Тамызда айлық ТБИ-не азық-түлік тауарлары инфляциясының қосқан үлесі (0,11 п.т.) азық-түлікке жатпайтын тауарлар (0,15 п.т.) мен ақылы қызметтер (0,20 п.т.) инфляциясының қосқан үлесінен төменірек болды. Ет және ет өнімдеріне бағаның өсу қарқыны айтарлықтай төмендегенімен, оның **азық-түлік** инфляциясына қосқан үлесі ең жоғары болып қалып отыр (0,11 п.т.), жемістер мен көкөністер бағасының 4,7%-ға арзандауына байланысты еттен басқа тауарлардың қымбаттауы азық-түлік инфляциясына ешқандай үлес қосқан жоқ. Жемістер мен көкөністердің инфляцияға қосқан кері үлесі (-)0,16 п.т.

Жалпы ел бойынша азық-түлік бағасы 0,1%-ға өсті (шілдеде – 0,7%). Түркістан облысында азық-түлік тауарларының бағасы 0,9%-ға жоғарылады, сонымен қатар Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында 0,1%-0,4% шегінде азық-түлік бағасының төмендеуі орын алды.

Азық-түлік бағасының ең жоғары өсімі орын алған Түркістан облысында нан өнімдері мен жармалар бағасы өсті, әсіресе қара бидай наны (14,3%) мен қарақұмық (5,2%) қымбаттады, ел бойынша бұл тауарлар 2,0% және 1,8% қымбаттады. Ет және ет өнімдеріне баға Қазақстанда 1,3%-ға жоғарыласа, құс еті 3,7%-ға қымбаттады. Өңірлер бойынша қарастырсақ ең жоғарғы өсім Қарағанды облысында (2,4%) тіркелді, мұнда еттің барлық түрі қымбаттады. Құс етінің қымбаттауы барлық өңірде орын алды, ең жоғарғы өсім Ақтөбе (6,7%), Қызылорда (6,6%) және Түркістан (6,5%) облыстарында, ал ең төменгі өсім Солтүстік Қазақстан облысында тіркелді.

5-сурет. Бір айда азық-түлік бағасының инфляцияға қосқан үлесі (п.т.)



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың айлық инфляцияға қосқан үлесі шілде айындағыдай 0,15 п.т. құрады. Елде бір айда бағаның өсуі 0,6% (шілдеде – 0,5%) болды. Тұрғын үйлерді күтіп ұстауға арналған материалдар бағасы 1,6%-ға жоғарылады, әсіресе Нұр-Сұлтан қаласында (5,5%), Маңғыстау және Атырау облыстарында (3,1%-дан). Маңғыстау облысында дизель отынының бағасының көтерілуі басқа өңірлерге қарағанда жоғарырақ болды (3,8%), ал ел бойынша өсім 1,3% құрады. Көптеген өңірлерде жанармай бағасы арзандады, нәтижесінде Қазақстан бойынша оның бағасы 0,2% -ға төмендеді.

Ақылы қызметтерге бағаның өсуі тамыз айында айлық инфляцияға ең көп үлес қосты - 0,20 п.т. (шілдеде - 0,23 п.т.), бір айдағы бағаның өсу деңгейі өзгеріссіз қалды – 0,8%. Ақылы қызметтердің айтарлықтай қымбаттауы Алматы қаласында орын алды (1,7%), мұнда тұрғын үйді жалға алу 14,7%-ға қымбаттады, ал ел бойынша өсім 4,2% құрады.

Шығыс Қазақстан облысында суық су тарифі және су бұру қызметі сәйкесінше 8,6% және 7,8%-ға қымбаттады. Өңірлердің басым бөлігінде газ қымбаттады. Үйлестіру желілері бойынша тасымалданатын газ 7,3% - 12,0% шамасында қымбаттады, тек Қызылорда облысында 5,9%-ға арзандады, бірақ мұнда баллондағы сұйытылған газ 4,3%-ға қымбаттады. Нұр-Сұлтан қаласында баллондағы газдың бағасы 8,5%-ға, ал Шығыс Қазақстанда 7,7%-ға көтерілді. Нәтижесінде елімізде үйлестіру желілері бойынша тасымалданатын газ 4,0 %-ға, баллондағы сұйытылған газ 2,8%-ға қымбаттады.